

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит және ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына бюджеттен бөлінген микрокредиттердің пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2024ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

**«Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит және ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына бюджеттен бөлінген микрокредиттердің пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит және ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына бюджеттен бөлінген микрокредиттердің пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігіне және жергілікті бюджет қаражаттары мен кредиттерін пайдалануына аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (*бұдан әрі – Басқарма*).

Оның ішінде үстеме тексеру жүргізілген объектісі:

«Түркістан Өлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2022 жылдың 01 қаңтарынан 2023 жылдың 31 желтоқсаны аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

Басқарманың миссиясы – Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 05 шілдедегі №201 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес, Басқарма Түркістан облысында ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Мақсаттары - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Түркістан облысы аумағында ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және үйлестіреді. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы заңнамасымен көзделген өзге де мақсаттарды жүзеге асырады.

Функциялары:

Ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісім (меморандум) жасасу;

Климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;

Агроөнеркәсіптік кешен салаларын мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру, агроөнеркәсіптік кешен кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

Шығарылатын өнім түрлері бойынша өңірлік көрмелер, жәрменкелер ұйымдастыру;

Облыстың азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға есептілік ұсыну;

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру кезіндегі комиссияның бір бөлігінің және қарыздарын сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйақыларының бір бөлігінің орнын толтыру;

Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыру;

Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытудың ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісілген жергілікті бюджеттік басым инвестициялық жобаларының және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі жобалардың тізбесін жасау;

Агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдай жасау;

Ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы ахуалды зерделеу және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің тиісті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;

Агроөнеркәсіптік кешеннің және ауылдық аумақтардың жай-күйі мен дамуы туралы ақпаратты агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға беру;

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі комиссияны құруға облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу және оның жұмысын ұйымдастыру;

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын әзірлеу және облыс әкімдігіне бекітуге ұсыну;

Облыс әкімдігіне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу;

Агроөнеркәсіптік кешен салаларына инвестициялар мен екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту;

Мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының өсуі үшін жағдай жасау бойынша іс-шаралар әзірлеу;

Бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасау;

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;

Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау, негіздеу, іске асыру және нәтижелерге қол жеткізу;

Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

Ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат беруді қамтамасыз ету;

Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

Астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

Табиғи-климаттық жағдайларды және нарық конъюнктурасын ескере отырып, астық өндірісі құрылымын оңтайландыру, астық өндірудің, сақтаудың және өткізудің жаңа озық технологияларын жетілдіру және енгізу;

Өңірлерде техникалық реттеу саласында сәйкестікті растау бойынша қызметтер көрсету жөнінде бәсекелестік ортаны құру бойынша шаралар қабылдау;

Астық қабылдау кәсіпорындарын мемлекеттік бақылау;

Облыста астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;

Халыққа органикалық өнім өндіру туралы ақпарат беруді қамтамасыз ету;

Органикалық өнім өндірушілер қызметінің Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды және мониторингті жүзеге асыру;

Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқарады, оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

Облыста өзге де ауыл шаруашылығы саласында өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Жалпы, Басқарма қызметі Ережемен бекітілген өз қызметінің міндеттері мен функцияларына сәйкес келеді.

Басқарманың негізгі қызметі Ережеде айқындалған облыстың ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу ретінде іске асырылған.

Осы аудит, Ережеге сәйкес жүктелген облыстың жергілікті деңгейде ауыл

шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер, жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер, ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру, агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру бойынша міндеттердің іске асырылғанын көрсетті.

Яғни, Басқарманың 2022-2024 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары Басқарма басшысының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №137 санды бұйрығымен 42 089 890,0 мың теңгеге бекітіліп, 2022 жылғы 19 желтоқсандағы №173-н/қ санды бұйрығымен 52 072 974,0 мың теңгеге өзгерістер енгізілген.

Оның ішінде:

2022 жылдың басында 255001 «Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 385 828,0 мың теңгеге бекітілген;

Басқарманың 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары Басқарма басшысының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы №173-н/қ санды бұйрығымен 52 072 974,0 мың теңге бекітіліп, 19.12.2023 жылғы №131-н/қ санды бұйрығымен 74 726 180,0 мың теңгеге өзгерістер енгізілген.

Оның ішінде:

2023 жылдың басында 255001 «Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы 376 286,0 мың теңгеге бекітілген;

255056 «Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы 9 181 812,0 мың теңге бекітілген.

«Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі №2/8-VII «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» облыстық мәслихаттың шешімінің жобасына облыстық мәслихаттың бюджет, экономика және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның қорытындысымен 255 087 «Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру» бюджеттік бағдарламасына 19 772 410,0 мың теңге және 255 092 «Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру» бюджеттік бағдарламасына 6 000 000 мың теңге бағытталған.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 2 аудит объектісі қамтылды, оның ішінде 1 аудит объектісінде үстеме тексеру жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған бюджет қаражатының көлемі жалпы 35 765 606,0 мың теңгені құрады (*оның ішінде 2022 жыл кезеңі бойынша 409 520,0 мың теңге, 2023 жыл кезеңі бойынша 35 356 086,0 мың теңге*).

Іс-шарамен қамтылған 2 аудит объектісінде анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомасы 262 110,8 мың теңгені құрады. Оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 191 451,4 мың теңге (*аудит барысында 19 709,1 мың теңге қалпына келтірілді*), өтелуге жататыны 70 659,4 мың теңге (*аудит барысында 1 683,0 мың теңге бюджетке өндірілді.*)

Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы 6 бірлік бұзушылық анықталды, оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде заңнама бұзушылықтары 2 бірлік, өзге де салалық заңнама бұзушылықтары 4 бірлік.

Бюджеттік бағдарламаларды (бюджеттік өтінім) бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі және 001, 056, 087 және 092 бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің нақты орындалған көрсеткіштерімен сәйкестігін салыстыру, орындалмаған жағдайда, әрбір көрсеткіштердің орындалмау себептерін талдау.

Бюджеттік бағдарламалар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 санды «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес әзірлеп, бекітілген.

2022 жылы 255001 «Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру қызметтері» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 409520,0 мың теңге жоспарланып, игерілгені 409519,6 мың теңге, немесе жоспар 100 %-ға орындалған, үнемделген қаржы 0,4 мың теңге.

2023 жылы 255001 «Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру қызметтері» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 401 864,0 мың теңге жоспарланып, игерілгені 401 849,0 мың теңге, немесе жоспар 100 %-ға орындалған, үнемделген қаржы 15,0 мың теңге.

255056 «Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасына 2023 жылы 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бағдарламасынан 9 181 812,0 мың теңге қаралып, толық игерілген, немесе жоспар 100% орындалған.

255 087 «Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру» бюджеттік бағдарламасының 013 «Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен» кіші бағдарламасынан 19 772 410,0 мың теңге жоспарланып, 100 % орындалған.

255 092 «Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру» бюджеттік бағдарламасының 013 «Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен» кіші бағдарламасынан 6 000 000,0 мың теңге жоспарланып, 100 % орындалған.

Басқармада анықталған бұзушылықтар.

1-тармақ. Басқарманың есебі бойынша аталған бағдарлама аясында қаржыландырылатын микрокредиттер санының жоспары 3220 бірлікті құрап, іс жүзінде жоспар 100 % орындалып, жобаның есебінен 3413 жаңа жұмыс орындары ашылған деп көрсетілген.

Алайда, «Түркістан» ӘКК» АҚ-ның 01.02.2024 жылғы №04-1-2/89 санды мәліметіне сәйкес, жоспарланған 19 772 410,0 мың теңгенің, 19 512 410,0 мың теңгесі игеріліп, игерілмеген қаржы 260 000,0 мың теңгені құрап, микрокредиттер саны 3215 құраған, немесе жоспар (3220) 5 микрокредиттер санына кем орындалған.

Сонымен қатар, жоба есебінен 3413 жаңа жұмыс орындарының орнына 3215 жұмыс орындары ашылып, 198 жұмыс орны ашылмастан, түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген.

Яғни, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 48-бабы 1 тармағы 3) тармақшасының, 104-бабы 6, 6-1 тармақтарының және 113-бабы 4 тармағының талаптары сақталмаған.

2-тармақ. 255 092 «Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Түркістан» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы тарапынан тексеруге ұсынған мәліметтеріне сәйкес, 3 агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялық жобаларды жаңадан салу және (немесе) кеңейтуге бюджеттен 6 000 000,0 мың теңге несие бөлінген, нақты игерілгені 1 447 623,5 мың теңге, яғни 4 552 376,5 мың теңге игерілмеген. Атап айтқанда:

1. 2023 жылы 25 желтоқсан айындағы №251 санды келісім шартпен 403 бас ірі қара малға арналған тауарлы сүт фермасын ұлғайту бойынша «Бөрте Милка» жауапкершілігі шектулі серіктестігіне 1 302 885,5 мың теңге несие аударылған.

Оның ішінде тауарлы сүт фермасын кеңейтуге үшін құрылыс монтаждау жұмыстарына 870 000,0 мың теңге, тауарлы сүт фермасына құрал-жабдықтарын сатып алуға 30 пайыз көлемінде алдын ала төлемге 270 879,5 мың теңге, ірі қара мал басын сатып алуға 30 пайыз көлемінде алдын ала төлемге 162 000,0 мың теңге.

2. 2023 жылғы 28 желтоқсан айындағы №306 санды келісім шартпен 600 бас ірі қара малға арналған тауарлы сүт фермасын жаңадан салу жобасы бойынша «Sultan Agro Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тауарлы сүт фермасына құрал жабдықтарын (сауу залына арналған құрал жабдықтар (параллель 16x2,) қоралардағы жабдық), (бұзау қоралары) сатып алуға 20 пайыз көлемінде алдын ала төлем үшін 144 738,0 мың теңге аударылған.

3. «BNK AGRO KZ» жауапкершілігі шектулі серіктестігі бойынша 2023 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айларында 400 бас ірі қара малға арналған тауарлық сүт фермасын жаңадан салу жобасын бойынша «БНК АГРО КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кепіл заттарының рәсімделу уақытының ұзақтығы салдарынан несие қаражаты аударылмаған.

Жалпы 2023 жылы игерілмеген қаржы 4 552 376,5 мың теңгені құрап, түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген.

Яғни, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 48-бабы 1 тармағы 3) тармақшасының, 104-бабы 6, 6-1 тармақтарының және 113-бабы 4 тармағының талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік аудиттің мәніндегі бюджеттік бағдарламалар бойынша бухгалтерлік есепті жүргізудің, бюджеттік және қаржылық есептіліктерді жасаудың және ұсынудың заңнамалық актілерге сәйкестігі.

3-тармақ. «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі 255001015 «Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігінен «Металлоконструкция» ЖШС-мен 25.07.2023 жылғы №127 мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт жасалып, 2023 жылдың 07 тамызындағы №230171/00/1 орындалған қызмет актісі, 2023 жылдың 08 тамыздағы қабылдап-өткізу актісімен Тип-10 (трактор үшін) 2500 дана, Тип-11 (трактор тіркемелері үшін) 500 дана, Тип-12 (өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары үшін) 500 дана, Тип-13 (жол құрылыс машиналары үшін) 1500 дана, жалпы құны 19 000,0 мың теңгенің мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерді дайындау бойынша жұмыстарына 2023 жылдың 29 тамызында №2553501/23-561 төлем шотымен 19 000,0 мың теңге төлем толық жүргізілген.

Алайда, 2023 жылдың 30 қыркүйегінде №59 хабарламамен дебеті 7140 «Өзге ағымдағы шығыстар» шоты, кредиті 3210 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шоты бойынша негізсіз есептен шығарылып, соның салдарынан мекеменің теңгеріміне алынбағаны анықталды.

Бұл өз кезегінде 1319 - «Өзге материалдар» есеп шотының дебеті және 3210 «жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредиті бойынша өзгеде материалдар 19000,0 мың теңге, мекеменің бухгалтерлік жазбасымен көрсетіліп, мекеме теңгеріміне есепке алынуы тиіс еді.

Яғни, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 196, 198, 223 тармақтарының, Қазақстан Республикасының 04.10.2008 жылғы №95-IV Бюджет кодексінің 115-бабының 1,2 тармағын, 116-бабының 1-4 тармақтарының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 15.06.2010 жылғы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының 10 тармағының талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік аудит барысында 1319 - «Өзге материалдар» шотының дебеті, 5220 - «Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі» шотының кредиті бойынша жалпы сомасы 19 000,0 мың теңген 2024 жылғы 27 наурызындағы бухгалтерлік анықтамамен қалпына келтірілді.

4-тармақ. Мекеменің аудитпен қамтылған уақыт аралығында қызметкерлердің еңбек ақыларының 2024 жылдың 01 қаңтарына есептелуінің заңдылығына аудит жүргізу барысында, еңбекақыға артық төленген аванстық қаржы 980,5 мың теңге, кем төленген қаржы 452,9 мың теңге анықталды.

Яғни, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексінің 103 бабы 1-тармағының талабы сақталмаған.

Жалпы айлық жалақыға артық аударылған 980,5 мың теңгені құрап, аудит барысында өндіріліп, кем төленген 452,9 мың теңге 2024 жылдың 05 сәуіріндегі №2553501/24-186, №2553501/24-187 төлем шоттарымен қызметкерлерге төленіп қалпына келтірілді.

5-тармақ. Мекеме теңгерімінен 2023 жылдың 31 желтоқсандағы бухгалтерлік анықтамамен артық төленген еңбекақы - 980,5 мың теңге, кем төленген еңбекақы 452,9 мың теңгеге түзету операциялар негізсіз жасалып, яғни 7010 - «Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар» шотының дебеті, 3241 - «Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредиті деп танылып, жылдық қаржылық есептің бұрмаланған.

Яғни, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ереженің 25-тармағы 2) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 08.07.2010-ғы №325 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 7-қосымшасы 3-тармағы талаптары сақталмаған.

6-тармақ. 2022 жылы мекеме қызметкерлерінің іссапар шығындарына 256,2 мың теңге кем және мекеме басшысының бұйрығы болмаса да негізсіз 702,5 мың теңге артық төленгені анықталды.

Яғни, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 172-тармағының талаптары сақталмаған.

Аудит барысында іс сапар шығындарына артық аударылған 702,5 мың теңге бюджетке өндіріліп, кем төленген 256,2 мың теңге 2024 жылдың 28 наурыздағы №2553501/24-153 және 2024 жылдың 04 сәуірдегі №2553501/24-185 төлем шоттарымен қызметкерлерге төленіп қалпына келтірілді.

7-тармақ. Мекеме теңгерімінен 2022 жылдың 31 желтоқсандағы бухгалтерлік анықтамамен іссапарларға арналған шығыстарға алдын ала негізсіз жасалған төлемдер дебеті – 702,5 мың теңгеге, кем төленген іссапар шығындары кредиті 256,2 мың теңге негізсіз есептен шығарылған, яғни 7070 - «Іссапарларға арналған шығыстар» шотының дебеті, 1261 - «Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» шотының кредиті деп танылып, жылдық қаржылық есептің бұрмаланғаны анықталды.

Яғни, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» №393 бұйрығымен бекітілген ереженің 25-тармағының 2) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 08.07.2010 жылғы №325 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 7-қосымшасы 3-тармағы талаптары сақталмаған.

255056 «Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы

мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасына 2023 жылы 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бағдарламасынан 9 181 812,0 мың теңге қаралып, толық игерілген.

Аудиторлық іріктеудің қорытындылары бойынша мемлекеттік аудитпен 24 ауыл шаруашылық субъектілері қамтылып, бақылау өлшемінің нәтижесімен 6-да қаржылық бұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда:

«Усманкулова» шаруа қожалығы бойынша:

8-тармақ. 2020 жылдың 24 тамызында қарыз беруші «Оңтүстік Несие»КС» ЖШС мен қарыз алушы «Усманкулова» ШҚ арасында кредиттік желіні ашу туралы №875-ЮКФ-КТ27/Р-85 келісім 159 900,0 мың теңгеге жасалған.

Кредит желісі келесі мақсаттарға ашылған, 246 бас ірі қара малдың импорттық таза тұқымды аналық басын (Герфорд тұқымы) бір данасы 650,0 мың теңгеден 159 900,0 мың теңгеге сатып алу көзделген.

Алайда, «Ескі Иқан ауылдық округі вет бекет меңгерушісі Х.Абдувалиевтің 19.04.2024 жылы ұсынған мәліметіне сәйкес, Түркістан облысы, Ескі Иқан ауылдық округінде «Усманкулова» шаруа қожалығының ауыл шаруашылық жануарлары ИСЖ дерекқор базасында 2018 жылдың мамыр және тамыз айларында 34 бас ірі қара малы базаға тіркеліп, 2023 жылдың мамыр айында базадан шыққандығы және бүгінгі таңда ИСЖ дерекқор базасында «Усманкулова» шаруа қожалығының ауыл шаруашылық жануарлары жоқтығы мәлімделген.

2024 жылдың 23 сәуірінде «Оңтүстік Несие» КС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің менеджері Х.Абдувахабовтың қатысуымен Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі вет бекет ИСЖ дерекқор базасында «Усманкулова» шаруа қожалығының атына тіркелген 300 бас ірі қара малдарды түгендеуге барған кезде, малдардың нақты тұрған жерін көрсете алмауына және малдардың нақты жоқ болуына байланысты түгендеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі болмады.

Алайда, 2024 жылдың сәуірінде «Усманкулова» ШҚ 300 бас асыл тұқымды емес аналық ірі қара малдары Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округінде кімнен, қай кезде, қанша қаржыға сатып алғаны жөніндегі мәліметтер тексеруге ұсынылмады.

Яғни, микрокредит беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған «Усманкулова» ШҚ-на мемлекеттен төленген (субсидияланатын) сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігінің сомасы 2023 жылғы 15 133,4 мың теңге тиісті бюджетке өтелуі тиіс деп саналады.

«Кожымбетов» жеке кәсіпкері бойынша:

9-тармақ. 2019 жылдың 18 сәуірінде қарыз беруші «Сарыағаш Несие»НС» ЖШС мен қарыз алушы «Кожымбетов» ЖК арасында №565-ОҚФ-КТ11-АБ / 19 / 613-1 жеке қарыз шарты бойынша бюджеттен тыс қаражат есебінен 36 000,0 мың теңгеге жасалған.

Кредит желісі келесі мақсаттарға ашылған, 185 бас аналық бас ірі қара малдың бір данасы 194 00 теңгеден 36 000,0 мың теңгеге сатып алу көзделген.

2024 жылдың 10 сәуірінде «Кожымбетов» ЖК мен «Сарыағаш Несие» НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 2019 жылдың 18 сәуірінде жасалған №565-ОҚФ-КТ11-АБ/19/613-1 жеке қарыз шарты бойынша берілген кредитке сатып алынған 185 бас аналық бас ірі қара малдарының сатып алынғанын растау мақсатында көзбен шолу, бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылды.

Нәтижесінде, Түркістан облысы, Келес ауданы, Ошақты ауылдық округі малдәрігерлік пункт меңгерушісі С.Смайылкуловтың 11.04.2024 жылы ұсынған мәліметіне сәйкес, «Кожымбетов» ЖК-нің ауыл шаруашылық жануарлары Түркістан облысы, Ошақты ауылдық округінің ИСЖ дерекқор базасында 2018 жылдың мамыр айында 36 бас ірі қара малы базаға тіркеліп, 2018 жылдың 28 желтоқсан айында базадан шыққандығы және бүгінгі таңда ИСЖ дерекқор базасында «Кожымбетов» ЖК-нің ауыл шаруашылық малдары, яғни ірі қара малдың аналық бастары жоқтығы мәлімделді.

Сонымен қатар, «Кожымбетов» ЖК-ның басшысы Кожымбетов Саматтың түсініктемесіне сәйкес, саны 185 бас ірі қара малдың аналық басының сатылып кетілуіне байланысты түгендеу жұмыстары жүргізілмеді.

Яғни, микрокредит беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған «Кожымбетов» ЖК-не мемлекет төлеген (субсидияланатын) сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігінің сомасы 2023 жылғы 1 850,0 мың теңге тиісті бюджетке өтелуі тиіс деп есептейміз.

«Кутушев Н.Б» жеке кәсіпкері бойынша:

10-тармақ. «Сыбаға» кредиттеу бағдарламасы бойынша 2019 жылдың 4 мамырындағы Қарыз беруші мен Қарыз алушы арасында жасалған №43-ЮКФ-КТ11 кредит желісін ашу туралы негіздемелік келісімге және 2019 жылдың 20 мамырында қарыз беруші «Сарыағаш Несие» НС» ЖШС мен қарыз алушы «Кутушев Н.Б» ЖК арасында №565-ЮКФ-КТ11-СМН/19/634 жеке қарыз шарты өз қаражаттары, тартылған қаражаттар есебінен 8 000,0 мың теңгеге жасалған.

Кредит желісі келесі мақсаттарға ашылған, бір данасы 29 000 теңгеге тең саны 276 бас аналық бас ұсақ қара малдарын сатып алу көзделген.

2024 жылдың 9 сәуірінде «Кутушев Н.Б» ЖК мен «Сарыағаш Несие» НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 2019 жылдың 18 сәуірінде жасалған №565-ЮКФ-КТ11-СМН/19/634 жеке қарыз шарты бойынша берілген кредитке сатып алынған саны 276 бас аналық бас ұсақ малдарының сатып алынғанын растау мақсатында көзбен шолу, бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылды.

Нәтижесінде, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылға ауылдық округі ветеринариялық бекет меңгерушісі Б.Кадирбаевтың 06.05.2024 жылы ұсынған мәліметіне сәйкес, «Кутушев Н.Б» ЖК-нің басшысы Кутушев Нурлыбектің атына Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылға ауылдық округінің ИСЖ дерекқор базасында 2018-2019-2023 жылдар аралығында 613 бас уақ мал базаға тіркеліп, 2023 жылдың 9 қаңтар айында базадан

шыққандығы және бүгінгі таңда ИСЖ дерекқор базасында «Кутушев Н.Б» ЖК-нің атына тіркелген малдары жоқтығы мәлімделді.

Сонымен қатар, «Кутушев Н.Б» ЖК-нің басшысы Кутушев Нурлыбектің 09.04.2024 жылғы түсініктемесіне сәйкес, саны 276 бас аналық бас ұсақ малдардың сатылып кетуіне байланысты түгендеу жұмыстары жүргізілмеді.

«Кутушев Н.Б» ЖК-не мемлекет төлеген (субсидияланатын) сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігінің сомасы 2023 жылдың 1 қаңтарынан 1 шілдесі аралығында 288,8 мың теңге тиісті бюджетке өтелуі тиіс деп саналады.

«Дихан Баба» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша:

11-тармақ. 2024 жылдың 04 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында Жұмыс органы «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ, Қаржы институты «Туркестан-Несие» НС ЖШС-і және Қарыз алушы «Дихан Баба» ШҚ арасындағы 2021 жылғы 01 сәуірдегі №555-ЮКФ-КТ16/531 микрокредит беру туралы және 2021 жылғы 14 сәуірдегі №2021-19-398 санды үш жақты келісім шарттар негізінде 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін 255056 бюджеттік бағдарламасы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға төленген 2627,3 мың теңгенің мақсатты жұмсалудың анықтығын растау мақсатында, «Дихан Баба» шаруа қожалығының 2021 жылы 16 сәуірдегі №н/с сату-сатып алу шарты бойынша «Манзура-апа» шаруа қожалығынан 27 800,0 мың теңгеге сатып алынған 695 бас аналық ауыл шаруашылығы ұсақ малының (Ескі Иқан ауылдық округі ветеринариялық бекетінің дерекқор базасында 2021 жылы 19 сәуірдегі №43 анықтамасы бойынша тіркелгені жөнінде берілген) анықтығын растау үшін көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде Ескі Иқан ауылдық округі ветеринариялық бекетінен алынған 2024 жылғы 04 сәуірдегі №41 санды мәліметіне сәйкес, ауыл шаруашылығы малдарының дерек қорында (ИСЖ) базасында 2021 жылдың сәуір айында аналық ауыл шаруашылығы ұсақ малы тіркелмегендіктен, «Дихан Баба» шаруа қожалығының 2021 жылы аналық ауыл шаруашылығы ұсақ малын сатып алғанын растау мүмкіндігі болмады.

Микрокредит беру туралы шартымен 2023 жылғы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға төленген 2627,3 мың теңге өтелуі тиіс деп саналады.

«Береке» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша:

12-тармақ. 2024 жылдың 08 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында Жұмыс органы «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ, Қаржы институты «Түлкібас кредиттік серіктестігі» ЖШС-і және Қарыз алушы «Береке» ШҚ арасындағы 2020 жылғы 07 желтоқсандағы №556/487-ЭПФ микрокредит беру туралы шартына және 2021 жылғы 24 ақпандағы №2021-19-048 санды үш жақты келісім шарт негізінде 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін 255056 бюджеттік бағдарламасы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға төленген 7 476,9 мың теңгенің мақсатты жұмсалудың анықтығын растау мақсатында, «Береке» шаруа қожалығының жеке тұлға Балкибекова Меруерт Елубаевнамен түзілген 2020 жылы 30 желтоқсандағы келісім шарт № н/с негізінде қол хат арқылы қолма-қол 85 000,0 мың теңгеге

сатып алынған 203 бас бие және 10 бас байтал малының (Майлықент ауыл округі ветеринариялық бекетінің дерекқор базасында 2020 жылы 30 желтоқсандағы №247, №248 анықтамалары бойынша тіркелгені жөнінде берілген) анықтығын растау үшін көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде 2024 жылғы 08 сәуірдегі №341 санды Майлықент ауыл округі ветеринариялық бекетінің мәліметіне сәйкес, ауыл шаруашылығы малдарының дерек қорында (ИСЖ) базасында 2020 жылдың желтоқсан айында (жылқы) малы тіркелмегендігі анықталып, «Береке» шаруа қожалығының 2020 жылы жылқы малын сатып алғанын растау мүмкіндігі болмады.

Яғни, микрокредит беру туралы шартымен 2023 жылғы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға төленген 7 476,9 мың теңге өтелуі тиіс деп есептелінеді.

«IQI QADAM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша:

14-тармақ. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ы қарыз беруші, «IQI QADAM» ЖШС-қарыз алушы арасында жасалған 2020 жылғы 6 тамыздағы №13-ТРК-ЭПВ кредит желісін ашу туралы негіздемелік келісімге және 2020 жылғы 11 қыркүйектегі №13-ТРК-ЭПВ/1 жеке қарыз шартына сәйкес, Қарыз беруші Қарыз алушыға 400 000,0 мың теңге 500 бас аналық түйе сатып алуға және 2020 жылғы 26 қарашадағы №13-ТРК-ЭПВ/2 жеке қарыз шартына сәйкес, Қарыз беруші Қарыз алушыға 400 000,0 мың теңге 500 бас аналық түйе сатып алуға жеке қарыз берілген.

Жалпы 1000 бас аналық түйе сатып алуға 800 000,0 мың теңге жеке қарыз берілген.

2024 жылдың 16 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында Жұмыс органы «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ, Қаржы институты «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «IQI QADAM» ЖШС арасындағы 2023 жылы 255056 бюджеттік бағдарламасы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға төленген 1-транш бойынша 2020 жылғы 17 қыркүйектегі №2020-19-604 санды 39 616 809,54 теңгенің және 2-транш бойынша 2020 жылғы 02 желтоқсандағы №2020-19-978 санды үш жақты келісім шарт негізінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға төленген 39 413 105,82 теңгенің мақсатты жұмсалудың анықтығын растау мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан 800 000,0 мың теңгеге сатып алынған 1000 бас аналық түйелерді көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) 2024 жылдың 16 сәуірінде жүзеге асырылып, нәтижесінде «IQI QADAM» ЖШС-нің төрағасы Тұрғанбаев Ербол Нұрқанатұлының көрсетуімен жазғы жайылымнан 456 бас аналық түйе шаруашылығы малы көрілді. Қалған мал басын жайылымға көшу себебінен көру мүмкін болмады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 2024 жылғы 05 мамырдағы №01-52-29/1143 санды хатына, «IQI QADAM» шаруа қожалығының 2024 жылғы 29 сәуірдегі №7 санды хатына сәйкес, 2024 жылдың 3-4 күндері 1000 бас аналық түйелерін анықтығын растау үшін көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) қайта жүзеге асырылды.

Бақылау өлшемін жүзеге асыру кезінде 2024 жылдың 3 мамыр күні «IQI QADAM» ЖШС-нің басшысы Тұрғанбаев Ербол Нұрқанатұлы өз иелігіндегі түйелерді көрсетуге «Сәрсенбек» шаруа қожалығына аппарып, 228 бас аналық түйе шаруашылығы малын көрсетті. Сондай-ақ барлық көрілген 228 бас аналық түйелердің ешқайсысында сырғалары тағылмағандығы анықталды және 2024 жылдың 4 мамыр күні «IQI QADAM» ЖШС-нің басшысы Тұрғанбаев Ербол Нұрқанатұлы өз иелігіндегі түйелерді көрсетуге жазғы жайылымға аппарып 98 бас аналық түйе шаруашылығы малын көрсетті.

Сондай-ақ барлық көрілген 98 бас аналық түйелердің 5 аналық түйелері сырғаланған.

Жеке қарыз шарты бойынша сатып алынған 1000 бас аналық түйе шаруашылығы малының 456 басы бақылаумен көріліп, қалған 544 бас аналық түйелерді толық көрсете алмауынан мал басын түгендеу мүмкіндігі болмады.

Жалпы мал басына мемлекеттен төленген (субсидияланатын) сыйақы мөлшерлемесі 79 029 915,36 теңгені құрады, оның ішінде 544 бас аналық түйелерге $(79029915,36/1000*544)$ төленгені 42 992,3 теңге, яғни 544 бас аналық түйе қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 180-бабы 1-тармағының, 190-бабының, 197-бабы 1, 2-тармақтарының талаптары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығымен бекітілген қағиданың 22 тармағының 1), 2) тармақшаларының, 2020 жылғы 3 қыркүйектегі №875-ЮКФ-КТ27-СМН/81 микрокредит беру туралы шартының 7-тармағының талаптары мына төмендегі ауыл шаруашылық субъектілерінде сақталмаған.

Инвестициялық жобаларға (сүт-тауарлы фермасын кеңейту үшін мал басын сатып алуға, жабдықтар мен техникалардың жаңартылуына және кешеннің құрылыс-монтаждау жұмыстарына) бюджеттен бөлінген қарыз қаражатының игерілуін талдау.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №322 «Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға кредит беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-тарауының тармағында «Жергілікті атқарушы орган сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы үміткерлерге мынадай шарттармен мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу, нысаналы пайдалану қағидастарын сақтай отырып кредиттер береді:

- 1) кредит мерзімі – 10 (он) жылға дейін;
- 2) кредиттің ең жоғары сомасы – 5 (бес) миллиард теңгеден аспайды;
- 3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі-жылдық 2,5 (екі жарым) пайыздан аспайды;

- 4) кредиттің нысаналы мақсаты – АӨК саласындағы жаңа жобаларды құруға немесе қолданыстағыларды кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыру: тауарлық сүт фермаларын (қуаты 400 бастан бастап);» деп көрсетілгендіктен, «Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесімен «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы»

акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) 2023 жылы 27 қазан айында №1 тапсырма шарты 6 000 000,0 мың теңгеге түзіліп, кредит мерзімі 10 жылға дейін және 3.4 тармағында «кредит беруге көзделген қаражатты игеру кезеңі сенім білдірілген өкілдің шотына қаражат аударылған күннен бастап 12 айдан аспайды» деп көрсетілген.

Сонымен қатар, тапсырма шартында 2,5 пайызы жылдық, 3,8 тармағында «бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты-агроөнеркәсіптік кешендік жобаларды іске асыру, яғни сүт-тауар фермалары саласы (мал басын сатып алу, жабдықтар мен техника, СТФ кешенінің құрылыс-монтаждау жұмыстары)» деп көрсетілген.

«Түркістан» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы тарапынан тексеруге ұсынған мәліметтеріне сәйкес, 3 агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялық жобаларды жаңадан салу және (немесе) кеңейтуге бюджеттен 6 000 000,0 мың теңге несие бөлінген, нақты игерілгені 1 447 623,5 мың теңге, яғни 4 552 376,5 мың теңге игерілмеген. Атап айтқанда:

1.«Бөрте Милка» жауапкершілігі шектулі серіктестігі бойынша 403 бас ірі қара малға арналған тауарлы сүт фермасын кеңейтуге жобасының мақұлданған несие қаражат көлемі 2 380 694,3 мың теңге.

2023 жылы 25 желтоқсан айындағы №251 санды келісім шартпен 403 бас ірі қара малға арналған тауарлы сүт фермасын ұлғайту бойынша «Бөрте Милка» жауапкершілігі шектулі серіктестігіне 1 302 885,5 мың теңге несие аударылған. Оның ішінде тауарлы сүт фермасын кеңейтуге үшін құрылыс монтаждау жұмыстарына 870 000,0 мың теңге, тауарлы сүт фермасына құрал-жабдықтарын сатып алуға 30 пайыз көлемінде алдын ала төлемге 270 879,5 мың теңге, ірі қара мал басын сатып алуға 30 пайыз көлемінде алдын ала төлемге 162 000,0 мың теңге.

2.«Sultan Agro Group» жауапкершілігі шектулі серіктестігі бойынша 600 бас ірі қара малға арналған тауарлы сүт фермасын жаңадан салу жобасының мақұлданған несие қаражат көлемі 2 079 305,7 мың теңге.

2023 жылғы 28 желтоқсан айындағы №306 санды келісім шартпен 600 бас ірі қара малға арналған тауарлы сүт фермасын жаңадан салу жобасы бойынша «Sultan Agro Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тауарлы сүт фермасына құрал жабдықтарын (сауу залына арналған құрал жабдықтар (параллель 16x2,) қоралардағы жабдық.), (бұзау қоралары перзентхана) сатып алуға 20 пайыз көлемінде алдын ала төлем үшін 144 738,0 мың теңге.

3. «BNK AGRO KZ» жауапкершілігі шектулі серіктестігі бойынша 400 бас ірі қара малға арналған сүт-тауарлы фермасын жаңадан салу жобасының мақұлданған несие қаражат көлемі 1 540 000,0 мың теңге.

2023 жылдың қазан, қараша, желтоқсан айларында 400 бас ірі қара малға арналған тауарлық сүт фермасын жаңадан салу жобасын бойынша «БНК АГРО КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кепіл заттарының рәсімделу уақытының ұзақтығы салдарынан несие қаражаты аударылмаған.

Жалпы Акционерлік қоғамының есеп шоттына аударылған 6 000 000,0 мың теңгенің, нақты игерілгені 1 447 623,5 мың теңге, яғни 2023 жылдың 27 қазанындағы №1 шартының 3,4 тармағында «кредиттеуге көзделген қаражатты игеру кезеңі-қаражатты сенім білдірілген өкілдің шоттына аударған күннен бастап 12 айдан аспайды» деп көрсетілгендіктен, 2023 жылдың 31 желтоқсанына жоғарыда аталған бағыттарға қаралған қаржыдан 4 552 376,5 мың теңге игерілмеген.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №322 санды бұйрығының 2 тарауының 8 тармағының 5 тармақшасында «кредитті кепілмен қамтамасыз ету» болып табылатындықтан, несие алушылар тарапынан кепіл заттарының рәсімделу уақытының ұзақтығына және жоғарыдағы аталған бұйрықтың 3 тарауының 15 тармағына сәйкес, 2023 жылғы 13 желтоқсан айындағы АӨК саласындағы жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия хаттамасында тауарлы сүт фермасының құрал жабдықтары мен ІҚМ жеткізушілері шетелдік компания болғандықтан, алдын ала төлем 30 пайыз қарастырылған.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 13 желтоқсан айындағы АӨК саласындағы жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның хаттамасының кеш шығуына байланысты қаржы толығымен игерілмей қалған.

Үстеме тексеру барысында Қоғамда төмендегі бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды:

«Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит және ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына бюджеттен бөлінген микрокредиттердің пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы аясында «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 255 087 «Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру» және 255 092 «Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру» бюджеттік бағдарламалары арқылы «Түркістан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-на бөлінген қаржыларға үстеме тексеру жүргізілді.

«Түркістан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы бойынша:

1-тармақ. Аудиттелген кезең аралығында тиісті саланың уәкілетті органымен Қоғамның 2022 жылғы даму жоспарының іске асырылуына мониторингілеу жүргізілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының 185-бабының 3-тармағының және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі

есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 46, 47 тармақтарының талаптары сақталмаған.

Аудиторлық іріктеудің қорытындылары бойынша мемлекеттік аудитпен 25 ауыл шаруашылығы субъектілеріне бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүргізілді.

Бақылау өлшемінің нәтижесімен 25 ауыл шаруашылығы субъектілерінің 13-де 170 350,0 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды, одан қайтарылуы тиіс қаржы 41 600,0 мың теңге және қалпына келтірілуі тиіс қаржы 128 750,0 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 190 бабының Бюджеттік кредитті пайдалану талаптары, 197-бабының 1-2-тармағының талаптары сақталмаған.

Атап айтқанда:

«Бакытжан» жеке кәсіпкері бойынша:

2-тармақ. 2024 жылдың 5 сәуірінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 20.10.2023 жылғы №2908/23/2718/АА бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес, «Бахытжан» жеке кәсіпкерінің «Автокөліктерге қызмет көрсету орталығына» 8 000,0 мың теңгеге жоғарыда көрсетілген құрал жабдықтардың сатып алынғандығына, яғни барлығын растау мақсатында көзбен шолу, бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде «Бахытжан» жеке кәсіпкері «Автокөліктерге қызмет көрсету орталығына» 8 000,0 мың теңгенің құрал жабдықтарын бүгінгі күнге дейін сатып алмағаны анықталды.

Яғни, «Бахытжан» жеке кәсіпкері бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес, 8 000,0 мың теңгеге «Автокөліктерге қызмет көрсету орталығына» сатып алынатын құрал жабдықтарын қалпына келтіруі тиіс деп есептейміз.

«Altyn» жеке кәсіпкері бойынша:

3-тармақ. 2024 жылдың 10 сәуірінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 27.12.2023 жылғы №4096/23/3666/АА бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес, «Altyn» жеке кәсіпкерінің «Құрама жем өндіру» мақұлданған 7 000,0 мың теңгеге жоғарыда көрсетілген құрал жабдықтардың сатып алынғандығына, яғни барлығын растау мақсатында көзбен шолу, бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде «Altyn» жеке кәсіпкері 7 000,0 мың теңгеге жоғарыда көрсетілген «Құрама жем өндіру» құрал жабдықтарын сатып алмағаны анықталды.

Яғни, «Altyn» жеке кәсіпкері бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес, мақсатсыз пайдаланған 7 000,0 мың теңге көлеміндегі бюджеттік несиені өтелуі тиіс деп есептейміз.

«Файзулла М.Т» жеке кәсіпкері бойынша:

4-тармақ. 2024 жылдың 4 сәуірінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 28.07.2023 жылғы №656/23/502/АА бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес, «Файзулла М.Т» жеке кәсіпкерінің 7 000,0 мың теңгеге «Егін шаруашылығы «Жылыжай құрылысына құрал жабдықтар» сатып алынғандығына, яғни барлығын растау мақсатында көзбен шолу, бақылау

өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде «Файзулла М.Т» жеке кәсіпкері бүгінгі күнге дейін жылыжай құрылысына керекті құрал жабдықтарды сатып алмағаны және жылыжай құрылысын бастамастан, бөлінген 7 000,0 мың теңге көлеміндегі қаржыны мақсатсыз мақсатта пайдаланғаны анықталды.

Яғни, «Файзулла М.Т» жеке кәсіпкері бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес мақсатсыз пайдаланған 7 000,0 мың теңге көлеміндегі бюджеттік несиені қайтаруы тиіс деп есептейміз.

«Шұбар-1» АӨК бойынша:

5-тармақ. 2024 жылдың 3 сәуірінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 27.09.2023 жылғы №1955/23/2065/АА бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес, жоғарыда көрсетілген «Ауыл шаруашылық техникасын және құрал жабдықтарының» сатып алынғандығына, яғни барлығын растау мақсатында көзбен шолу, бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде «Трактор Беларус-922.3»1 (бір) дана, Пресс-іріктеуші маркасы «Симпа РК 4010» 1 (бір) дана ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынғандығы және «Соқа маркасы РО 4+1» 1 (бір) дана ауыл шаруашылық техникасының сатып алынбағандығы және бүгінгі күнге дейін 6 800,0 мың теңгенің мақсатты пайдаланбағаны анықталды.

Яғни, «Шұбар-1» АӨК бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес мақсатты пайдаланбаған 6 800,0 мың теңге көлеміндегі бюджеттік несиені қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

«Үш-Арыс КЗ» АШӨК бойынша:

6-тармақ. 2024 жылдың 16 сәуірінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 25.09.2023 жылғы №2386/23/1990/АА бюджеттік несиені беру туралы шартына сәйкес, «Үш-Арыс КЗ» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі жоғарыда көрсетілген «Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алғандығына, яғни барлығын растау мақсатында көзбен шолу, бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде «Үш-Арыс КЗ» АШӨК-нің өкілі Рысбаев Бауыржан Оспанович «Агрохолдинг Даму» ЖШС-нен 2023 жылы «Dong feng» модель DF904 маркалы 1-дана тракторын 14 500,0 мың теңгеге, «LYQ» маркалы 1-дана дискілі соқаны 900,0 мың теңгеге, «ПЛН 3-35» маркалы 1-дана 3 корпусы реттелетін асылма соқаны 750,0 мың теңгеге, Култиватор «3 ZT» маркалы 1-дана 900,0 мың теңгеге, «1 ВОХ» маркалы 1-дана дискілі тырма 850,0 мың теңгеге және «Felj800ks» маркалы 1-дана жақты алдыңғы иегіш 3 200,0 мың теңгеге, барлығы 21 100,0 мың теңгеге ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алғандығы анықталды.

Алайда, «Үш-Арыс КЗ» АШӨК кредит беруші «Ырыс МҚҰ» ЖШС-нің келісімінсіз 25.09.2023 жылы «Үш-Арыс КЗ» АШӨК мен «Ырыс МҚҰ» ЖШС арасында жасалған №2386/23/1990/АА санды келісім шартта қаралған пресс тандауыш «ППТ-041 ТУКАН» маркалы 1-дана ауыл шаруашылық техникасының орнына, 2023 жылдың 27 қазанында «Агрохолдинг Даму» ЖШС-не өтініш жазып, атауы «Dong feng» модель DF404 маркалы 1-дана кіші тракторын 6 500,0 мың теңгеге сатып алғандығы анықталды.

Яғни, «Үш-Арыс КЗ» АШӨК бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес емес жұмсалған 6 500,0 мың теңге көлеміндегі бюджеттік несие қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

«Қостұра-7» Ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі бойынша:

7-тармақ. 2024 жылдың 10 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында 2023 жылғы 29-тамыздағы №1755/231283/АА бюджеттік несие беру туралы шартының 1-тармағына сәйкес 27 600,0 мың теңгеге сатып алынуға тиісті ауыл шаруашылық техникаларының анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде бюджеттік несие беру шарты бойынша сатып алуға тиіс Трактор «Dong beng DF 904 маркалы, Пресс жинағыш «RSA98» маркалы және айналым соқасы «ППО 5/7-35» маркалы ауыл шаруашылық техникалары алынбағаны анықталды.

«Қостұра-7» АШӨК-нің төрағасы Ермекбай Жұмахан Полатұлының түсінігі бойынша несиеге алынған қаржы өз мақсатында пайдаланылмай, егін егуге жаратылған.

Яғни, бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес 27 600,0 мың теңге өтелуі тиіс деп есептейміз.

«Батыр Жайдақ» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі бойынша:

8-тармақ. 2024 жылдың 22 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №2720/23/2099/АА бюджеттік несие беру туралы шартының 1-тармағына сәйкес 27 600,0 мың теңгеге сатып алынуға тиісті ауыл шаруашылық техникаларының анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде бюджеттік несие беру шарты бойынша сатып алуға тиіс Трактор «Беларус 2-1» маркалы орнына 2024 жылдың 29 сәуіріндегі №101 хаттамасына сәйкес «Беларус 80,1» маркалы трактор алынғаны және Косилка «КПФ 4М» маркалы 2-дана, Тарма «ГВС 6У 8» маркалы 2 дана, Сеялка «СЗФ-3600Т» 1-дана алынғаны анықталды. Алайда, несие беру туралы шартына сәйкес несиені алған сәттен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішіндесатып алынуға тиісті ауыл шаруашылық техникаларынан 5 500,0 мың теңгенің Пресс жинағыш «RSA98» техникасы алынбаған.

Яғни, бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес «RSA98» Пресс жинағыштың қаржысы 5 500,0 мың теңге қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

«Віікshyn group» жеке кәсіпкері бойынша:

9-тармақ. 2024 жылдың 05 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында 2023 жылғы 15 қарашадағы №3384/23/2925/АА бюджеттік несие беру туралы шартының 1-тармағына сәйкес 8 000,0 мың теңгеге сатып алынуға тиісті Қасбеттік термопанельдер шығару цехына құрал жабдықтардың анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде бюджеттік несие беру шарты бойынша сатып алуға тиіс құрал жабдықтар Қайыпбек» ЖК-нен 2024 жылдың

02 желтоқсандағы №1 келісім шарты негізінде, 2024 жылдың 20 қаңтарындағы №1 шот фактурасы бойынша кептіруге арналған сөре 2 дана, жылжымалы құм араластырғыш 2 дана, икемді тақталы Экструдер 1 дана, қабылдау үстелі бар Экструдер 1 дана, нығыздауыш қалып 2 дана, пенопласт кесетін машина 3 дана, пленка аппликаторы 2 дана, анықтамалық сызба құралы 2 дана құрал-жабдықтар алынғаны анықталды.

Алайда жоғарыдағы аталған құрал-жабдықтар бұрын қолданыста пайдаланылғаны (БУ), сонымен қатар 1 дана жылжымалы құм араластырғышы және пенопласт кесетін машина 1 дана бақылау өлшемі (тексеріп қарау) кезінде жоқ екендігі анықталды.

Яғни, бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған 8 000,0 мың теңге қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

«Жасыл Аймақ» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі бойынша:

10-тармақ, 2024 жылдың 01 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында 2023 жылғы 12 желтоқсандағы №4072/23/3565/АА бюджеттік несие беру туралы шартының 1-тармағына сәйкес 27 600,0 мың теңгеге сатып алынуға тиісті ауыл шаруашылық жануарлар және құс етін өңдеу цехына құрал-жабдықтардың анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде сатып алуға тиісті, Таразы 0,5 тонналық 1 дана, Өнеркәсіптік ет өңдеу арасы 1 дана, Өнеркәсіптік тартылған ет араластырғышы 1 дана, Фаршқа арналған вакуумды машина 1 дана, Мұздатқыш бір тонналық 1 дана, Су ыдыс он тонналық 1 дана, Тот баспайтын үстелдер 7 дана, Мал союға арналған модульдік контейнер 1 дана, Түшпара шығаратын аппарат 1 дана, Терм формалық аппарат 1 дана, құрал - жабдықтардың алынбағаны, сонымен қатар «IDEAL SAFETY STOCK» ЖШС-мен 2023 жылдың 08 желтоқсандағы №3 келісім шарт негізінде, 2023 жылдың 19 желтоқсанында №816 төлем тапсырмасымен құрал-жабдықтар алынбасада 27 600,0 мың теңге қаржы толығымен аударылғаны анықталды.

Яғни, бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған 27 600,0 мың теңге қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

«Әл-Береке» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша:

11-тармақ. 2024 жылдың 01 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында 2023 жылғы 23 қарашадағы №3818/23/3183/АА бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес 25 600,0 мың теңгеге сатып алынуға тиісті жемістер мен көкөністерді өңдеу цехына қажетті құрал-жабдықтардың анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде сатып алуға тиісті, БК-12 автоклав 2 дана, Көкөністерді ұнтақтағыш 1 дана, Маринатқа арналған араластырғыш 1 дана, Терферлік арқалық кран 1 тонналық 1 дана, Мұздатқыш 1 тонналық 1 дана, Көкөністер мен жемістерді жууға арналған тот баспайтын ванна 1 дана, Планетарлық араластырғыш 1 дана, Су ыдысы 10 тонналық 1 дана, Өнеркәсіптік су жылытқыш 1 дана жемістер мен көкөністерді өңдеу цехына қажетті құрал-жабдықтар алынбасада «IDEAL SAFETY STOCK» ЖШС-мен

2023 жылғы 23 қарашадағы №2 келісім шарт негізінде 2023 жылдың 29 қарашадағы №752, 2024 жылдың ақпанындағы №96 төлем тапсырмаларымен 25 600,0 мың теңге қаржы толығымен аударылғаны анықталды.

Яғни, бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған 25 600,0 мың теңге қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

«ИКАН Агро 2» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі бойынша:

12-тармақ. 2024 жылдың 01 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында 2023 жылғы 28 қарашадағы №3624/23/3316/АА бюджеттік несие беру туралы шартының 1 тармағына сәйкес 27 600,0 мың теңгеге сатып алынуға тиісті сүтті өндеу цехына қажетті құрал-жабдықтардың анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде сатып алуға тиісті төмендегі құрал-жабдықтар.

Ірімшік пісіру, төсеу және таразылау қондырғысы 1 дана – 2 200,0 мың теңге;

Ірімшік кесу 1 дана – 1 600,0 мың теңге;

Ірімшік балқыту машинасы 1 дана – 3 100,0 мың теңге;

Сырға арналған технологиялық ыдыс 1 дана – 3 200,0 мың теңге;

Ашытқыға арналған контейнер 1 дана – 2 600,0 мың теңге;

Сүтті қабылдауға арналған ыдыс 1 дана – 2 900,0 мың теңге;

Сүт қазандықтары 1,3 тонналық 1 дана – 3 200,0 мың теңге;

Сүт қазандықтары 2 тонналық 1 дана – 3 800,0 мың теңге;

Сүт салқындату қазандығы 1 дана – 5 000,0 мың теңге.

«GOLDEN CHEESE» ЖШС-мен 2023 жылдың 23 қазанындағы №23/10/2023 келісім шарты негізінде, 2023 жылдың 29 желтоқсанында №01 шот фактурасы бойынша құрал-жабдықтар сатып алынған.

Алайда жоғарыдағы аталған құрал-жабдықтар бұрын қолданыста пайдаланылғаны (БҰ), сонымен қатар 5 000,0 мың теңгенің сүт салқындату қазандығы бақылау өлшемі (тексеріп қарау) кезінде жоқ екендігі анықталды.

Яғни, бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған 27 600,0 мың теңге қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

«Амир» жеке кәсіпкері бойынша:

13-тармақ. 2024 жылдың 02 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында 2023 жылғы 06 қыркүйектегі №2114/23/1453/АА бюджеттік несие беру туралы шартының 1 тармағына сәйкес 7 700,0 мың теңгеге сатып алынуға тиісті кондитерлік цехқа қажетті құрал-жабдықтардың анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде сатып алынуға тиісті төмендегі құрал-жабдықтар.

Электрлі Конвекциялық печь (АБАТ КЭП-10) 1 дана;

Қуыру шкафы (АбатЭШ-4к) 1 дана;

Тоңазытқыш (ARKTO F1, 4S) шкаф 1 дана;

Ауа сорғыш (Iterma3ВП-1600x1000x350) 1 дана;

Ұн елеуіш (Васход ПВГ- 600М) 1 дана;

Нан пісіретін пеш (Марихолодмаш ШЖЭ93-01) 1 дана;

Нан пісіру пеші (Foodatlas Eco JCL 160B) 1 дана;

Планетарлық араластырғыш (50кг 380V(K)) 1 дана;

«ИЛХАМ» ЖК-мен 2023 жылдың 25 қазанындағы №1, 26 қазандағы №2 келісім шарттары негізінде 2023 жылдың 06 қарашасындағы №ESF-780807301829-20231119-72753282, №780807301829-20231120-93779593 электронды шот фактуралары және «Саидов» ЖК-мен 2023 жылдың 30 қарашадағы №3 келісім шарты негізінде 2023 жылдың 06 желтоқсанындағы №00000000043 шот фактурасы бойынша басқа маркадағы құрал-жабдықтардың сатып алынғаны анықталды.

Яғни, бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған 7 700,0 мың теңге қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

«Тажиддин Ата» ӘКК бойынша:

14-тармақ. 2024 жылдың 02 сәуіріндегі бақылау өлшемі барысында 2023 жылғы 10 тамыздағы №1267/23/772/ААБюджеттік несие беру туралы шартының 1-тармағына сәйкес 27 600,0 мың теңгеге сатып алынуға тиісті құс шаруашылығына қажетті техника мен құрал-жабдықтардың анықтығын растау мақсатында көзбен шолу (визуальный осмотр) бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде сатып алуға тиісті төмендегі

Арнайы 400 ш.м лайықты инкубаторға арналған сөрелер және 320W электр қуатын беретін генератор құрал-жабдықтар «Умаров Шахноза Саттаровна» ЖК-мен 2023 жылдың 13 маусымдағы №6 келісім шарты негізінде, 2023 жылдың 02 қазанында №2 шот фактурасы бойынша 22 150,0 мың теңгеге және несиеден қалған қаржы 5450,0 мың теңгеге өз қаржысы есебінен 150,0 мың теңге қосып Кожевникова Татьяна Владимировнаға 2024 жылдың 9 сәуірінде қол хат негізінде қолма-қол қаржы төленіп 2011 жылғы Газ 330200-1288 автокөлігі мобильді тоңазытқыш 2,5 тонналық сатып алынғаны анықталды.

Алайда, арнайы мобильді 2,5 тонналық тоңазытқыштың (Газ 330200-1288 автокөлігі 2011 жылғы) бұрын қолданыста пайдаланылғаны (БУ) екендігі анықталды.

Яғни, бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған 5 450,0 мың теңге қалпына келтірілуі тиіс деп есептейміз.

Осылайша, жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің бұзылуы мен бұзушылықтар жүйелі сипатқа ие. Бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері жауапты тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын дұрыс қолданбауы, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).

Басқарма Түркістан облысында ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асырған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Түркістан облысы аумағында ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырған және үйлестірген. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы заңнамасымен көзделген өзге де мақсаттарды жүзеге асырған.

2022 жылғы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1036,6 млрд. теңгені құрап, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,7 пайызға артқан, оның ішінде, өсімдік шаруашылығы 632,8 млрд. теңгені (101,4%), мал шаруашылығы – 396,9 млрд. теңгені құраған (2021 жылы 906,5 млрд. теңге).

Облыста 74,2 мың шаруа қожалығы тіркелген, яғни республикадағы үлесі 31 пайызды құрап, онда 184,6 мың ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен жұмысшылары жұмыспен қамтылған.

Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 74,7 млрд. теңгеге инвестициялар тартылып 118,7 пайызға, тамақ өндірісінің негізгі капиталына 10,2 млрд. теңге инвестиция салынып 107,4 пайызға артқан.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 14,4 мың гектарға артып, 859,9 мың гектарды құраған. (2021 ж. – 845,5 мың га).

Дәнді және бұршақтық дақылдар егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 19,1 мың гектарға артып, 313,7 мың гектарға, мал азықтық дақылдарға 5,6 мың гектарға артып, 220,9 мың гектарға орналастырылса, картоп, көкөніс, бақша дақылдары 9,6 мың гектарға қысқартылып, 119,4 мың гектарға, майлы дақылдар 5,2 мың гектарға қысқартылып, 79,9 мың гектарға, сондай ақ, мақта дақылы 126,3 мың гектарға егілген.

Агротехникалық іс шараларды тиісті деңгейде жүргізудің нәтижесінде, дәнді дақылдар түсімділігі 4,9 ц/га артып, 24,8 ц/га-дан 778,0 мың тонна, көкөніс, бақша, картоп дақылдарының түсімділігі 9,5 ц/га артып 239,4 ц/га-дан 2,9 млн. тонна өнім өндірілген.

Дегенмен, облыс бойынша 2022 жылы ірі қара мал 1 129,6 мың бас, қой 4 989,8 мың бас, жылқы 428,1 мың бас, түйе 37,1 мың бас, құс 2 033,2 мың басты құраған.

Бұл ретте, 2021 жылмен салыстырғанда ауылшаруашылығы малдары мен құстарының негізгі түрлерінің саны кеміген.

Мәселен, ірі қара мал 46,2 мың басқа (2021 жылы 1 175,8 мың бас), құс 265,5 мың басқа (2021 жылы 2 298,7 мың бас) кеміген.

Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешеннің басым саласы, бәсекеге қабілетті қайта секторын дамыту болып табылатындығына қарамастан, 2022 жылдың қортындысымен облыста тамақ өнімдерін өндіру көлемі 3,2 пайызға төмендеген (121,3 млрд. теңге, 96,8 %).

Түркістан облысы халқының басым бөлігінің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуы, тұрғындардың әл-ауқатының деңгейі ауыл шаруашылығы саласымен тығыз байланысты екенін ескерсек, жоғарыда көрсетілген ауылшаруашылығының даму көрсеткіші халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне, ауылшаруашылығы тауарларының тапшылығын тудырып, тұтыну тауарлары мен азық-түлік бағасының қымбаттауына септігін тигізуі мүмкін.

2023 жылы

Облыста 92,8 мың агроқұрылымдар немесе республика бойынша олардың жалпы санының 31,0 пайызға тіркелген (*оның ішінде 3 834 ЗТ, 7 768 ЖК, 81 245 ШҚ.*). Оларда 200,0 мыңға жуық қызметкерлермен жұмысшылар жұмыспен қамтылған.

Өндірілген өнім көлемі 1 158,7 млрд. теңгені құраған, үлесі 13,3 пайыз. Елімізді отандық өнімдермен қамтамасыз ету бойынша облыс алдыңғы қатарда.

Өндірілген мақтаның 100%, жүзімнің 82%, бау бақшаның 62%, жеміс-жидектің 36%, мақсарының 32%, көкөністің 25%, жүгерінің 22% және өндірілген еттің 17%, сүттің 15% облыстың үлесінде.

Бұл, облыстың ауыл шаруашылығымен қатар, қайта өңдеу, тоқыма өнеркәсібінің қоса дамыту әлеуетінің жоғарғы екендігін көрсетеді.

Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының нысаналы индикаторларының 2023 жылға орындалуы бойынша:

- жылыжай алаңын 2023 жылы 1 683,6 га-ға ұлғайту көзделсе, іс жүзінде 1 683,6 га құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауыл шаруашылығы айналымына тартылған үлесін 2023 жылы 2,9%-ға ұлғайту жоспарланса, іс жүзінде 2,9 пайызды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыру бойынша 2023 жылы 3 351,0 мың теңгеге жоспарланса, іс жүзінде 2 208,5 мың теңгені құраған (*2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ресми көрсеткіш*);

- ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемін 2019 жылғы деңгейге қарағанда 1,3 есеге арттыру көрсеткіші бойынша 2023 жылғы жоспар 993 649,0 млн.теңгеге жеткізу көзделсе, іс жүзінде 1 152,6 млн.теңгені құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- АӨК өнімдерінің экспортын 2019 жылғы деңгейге қарағанда 2 есеге ұлғайту көрсеткіші бойынша 2023 жылғы жоспар 373,0 млрд. АҚШ доллар жеткізу көзделсе, іс жүзінде 384,6 млрд. АҚШ доллар құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- АӨК өнімдері экспортының жалпы көлеміндегі өңделген өнімнің үлесін 2023 жылғы жоспар бойынша 50 пайызға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 48 пайызға орындалған;

- ауыл шаруашылығына негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемін 2023 жылы жоспар бойынша 117 561 071,0 мың теңгеге жеткізу көзделсе, іс жүзінде 110 242 039,0 мың теңгені құраған;

- тамақ өнімдерін өндіруге негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемін 2023 жылы 17 675 070,0 мың теңгеге жеткізу жоспарланса, іс жүзінде 15 982 692,0 мың теңгені құраған;

- отандық өндірістің негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі 2023 жылы толық орындалған (*алма, балық, шұжық өнімдері, ірімшік және сүзбе, құс еті*);

- ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды субсидиялау көлемінің өсуі есебінен 1,5 есеге ұлғайту көрсеткіші бойынша 2023 жылғы жоспар 649 бірлікке жеткізу көзделіп, көрсеткішке қол жеткізілген;

- су үнемдеу технологиялары қолданылатын жер алаңы (*тамшылатып суару, жаңбырлатып суару*) 27,9 мың га жоспарланып, 34,0 мың га артығымен орындалған;

- жоғары сапалы тұқымдарды субсидиялау көлемінің өсуі есебінен 1,2 есеге ұлғайту көрсеткіші 2023 жылғы жоспар 30 пайызға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 30 пайызды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- минералды тыңайтқыштарды субсидиялау көлемінің өсуі есебінен 1,4 есеге ұлғайту көрсеткішін 2023 жылғы жоспар 53 пайызға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 53 пайызды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- егістікті (*буды*) тиімді өңдеу үшін өсімдіктерді қорғау құралдарын сатып алуға арналған шығындарды 50% субсидиялау көрсеткішінің 2023 жылғы жоспары бойынша 43,0 га жоспарланып, толығымен орындалған;

- 2023 жылы ірі қара малдың орташа тірі салмағын 378 кг-ға жеткізу көрсеткіші толық орындалған;

- алма жемісін өндіру көрсеткіші бойынша 2023 жылғы жоспар 102,0 мың тоннаға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 95,8 мың тоннаны құрап, көрсеткішке қол жеткізілмеген;

- шұжық өнімдерін өндіру көрсеткіші бойынша 2023 жылғы жоспар 6,0 мың тоннаға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 8,2 мың тоннаны құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- құс етін өндіру көрсеткіші бойынша 2023 жылғы жоспар 5,0 мың тоннаға жоспарланып, көрсеткішке қол жеткізілген;

- балық өндірісі көрсеткіші бойынша 2023 жылғы жоспар 7,0 мың тоннаға жоспарланып, көрсеткішке қол жеткізілген;

- көкөніс өндірісі көрсеткіші бойынша 2023 жылғы жоспар 1 058,4 мың тоннаға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 1 150,6 мың тоннаны құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- агроөнеркәсіптік кешенде іске асырылған инвестициялық жобалардың санын 2023 жылы 11 бірлікке жеткізу көзделсе, нақты 25 бірлікті құрап, көрсеткішке қол жеткізілген;

- ауыл шаруашылығы кооперативтері өндірген өнім көлемін 2023 жылы 10%-ға өсіру көзделіп, көрсеткішке қол жеткізілген. (*2024 жылдың статистикалық қорытынды есебі маусым айында шығады.*)

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (*көрсетілетін қызметтерінің*) жалпы шығарылымы 2023 жылғы қаңтар - желтоқсанда

1 158744,9 млн. теңгені құраған, соның ішінде мал шаруашылығының жалпы өнімі – 469 617 млн. теңге, өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі – 681 666,6 млн. теңге, ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер – 1 304,3 млн. теңге, аңшылық шаруашылығындағы өнімдердің (*көрсетілетін қызметтердің*) көлемі – 219,1 млн.теңге, орман шаруашылығындағы өнімдер (*көрсетілетін қызметтер*) көлемі –2216,8 млн. теңге, балық аулау және акваөсірудегі өнімдер (*көрсетілетін қызметтер*) көлемі – 3 721,2 млн.теңге.

Облыстың барлық шаруашылық санаттарында 254,2 мың тонна -ет (*тірідей салмақта*), 781,3 мың тонна -сүт, 255,7 млн. дана -жұмыртқа өндірілген.

2023 жылдың қортындысымен облыста тамақ өнімдерін өндіру көлемі 106,9 пайызға артқан. (*124,7 млрд. теңге*).

Ауыл халқының табысын арттыру бағытында Үкімет тарапынан кешенді шаралар қабылдануда.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы (255 087) шеңберінде 2023 жылға Республикалық бюджеттен бағдарламаны жүзеге асыруға 19,8 млрд. теңге бөлініп, негізгі 6 бағытты қаржыландыруға басымдылық берілген. (*1.Өсімдік шаруашылығын дамыту, 2. Мал шаруашылығын дамыту, 3.Құс шаруашылығын дамыту, 4. Балық шаруашылығын дамыту, 5. Ауыл шаруашылығы кооперативтерді жабдықтау, 6. Тұрғындардың өз кәсібін ашу*).

Жоба бойынша 16 ауданда пилоттық түрде 64 ауылдық округтері анықталған, жаңадан 75 кооперативтер құрылған.

Жыл қорытындысы бойынша 19 772,4 мың теңгеге 3256 жоба қаржыландырылған. Нәтижесінде, 3 413 жаңа жұмыс орындары құрылып, қосымша 30 000 000,0 мың теңгенің өнімін өндіру жоспарланған.

Солтүстік Қазақстан облысы тәжірибесі негізінде облыста жалпы құны 10,5 млрд. теңгені құрайтын замануи 3 тауарлы сүт фермасы жобаларын жүзеге асыру жоспарланған, олар, «БНК АГРО KZ» ЖШС, «Бөрте Милка» ЖШС, «Sultan Agro» ЖШС. Республикалық бюджет есебінен аталған жобаларды жүзеге асыруға жылдық 2,5 пайыз мөлшерлеменен 6,0 млрд. теңге қаржы бөлінген (255 092).

Жобалар Түркиялық «Sezer», Швециялық «De-Ieval» автоматты технологиялық қондырғыларымен жабдықтау көзделген. Дания, Венгрия мемлекеттерінен өнімділігі жоғары Голштин тұқымды 1600 бас және Симментал тұқымды 600 бас аналық ірі қара малдар әкелінген.

Осы жобалар арқылы жылыны 10,4 мың тонна сүт өнімін өндіру көзделген.

Дегенмен, жоғарыда келтірілген деректерге сәйкес ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінде өсім байқалғанымен, азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыруға түбегейлі әсерін тигізбеген. Атап айтқанда, статистикалық мәлімет бойынша:

2023 жылғы желтоқсан айымен 2022 жылғы желтоқсан айын салыстырғанда тұтыну бағаларының индексі 110,2% құраған. Азық-түлік тауарларының бағасы 7,1%, азық-түлік емес тауарлары – 9,5%,

халыққа ақылы қызмет көрсету – 18,2% көтерілген. Түркістан облысындағы өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары 7,2% көтерілген.

Жоғарыда көрсетілген бағалар статистикасына мән берсек азық-түлік тауарларының бағасы және халыққа ақылы қызмет көрсету бағаларының өткен жылдармен салыстырғанда қымбаттағаны байқалады.

Қарыз алушының қарыз қаражатын алу кезіндегі заңнама талаптарының сақталуы.

Қарыз алушының қарыз қаражатын алу кезінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» №66 Заңы, «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №987 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 ақпандағы «Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге облыстық бюджеттерге 2023 жылға кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы» №136 қаулысы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы «Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға кредит беру қағидаларын бекіту туралы» №322 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» №436 бұйрығы басшылыққа алынған.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарын іске асыру бойынша іс-шараларының орындалуын және жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуін бағалау.

Стратегия алдағы 10 жылға арналған миссияны, пайымды, стратегиялық бағыттарды, мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, оларды іске асыру тетіктері мен қызмет нәтижелерінің көрсеткіштерін айқындайды.

Қоғам Жарғысының 11-бабы 34-тармағына сәйкес директорлар кеңесінің қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау бойынша жатқызылған айрықша құзыреті тек 2022 жылы іске асырылып, Қоғамның 2022-2030 жылдарға арналған даму стратегиясы директорлар кеңесінің 2022 жылғы 26 наурыздағы н/с шешімімен бекітілген.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңына сәйкес, Қоғамның 5 жылға әзірленген 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспары бекітіліп, Қоғам өз қызметін даму жоспарын іске асыру арқылы жүзеге асыраған.

Қоғамның 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарының «Қызметтің негізгі бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен түйінді көрсеткіштері» 4-қосымшасында Басқару органының мақсаты – «*Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша кеңес беру, бизнесті қолдау жөніндегі*

мемлекеттік бағдарламалар»; Ұйымның мақсаты – «Өңірдің басым секторларын дамыту (өсу нүктелері), инвестициялар тарту және жаңа өндірістер құру, салалық республикалық және өңірлік бағдарламаларды іске асыру, активтердің құнын ұлғайту, халыққа әлеуметтік көмек көрсету» болып табылады.

Сондай-ақ, Қоғамның бекітілген даму жоспарында үш бағыт бойынша 10 түйінді көрсеткіштер қаралған.

«Түркістан» ӘКК» АҚ-ы 2022 жылдың кіріс жоспары 2 513 166,7 мың теңге, шығысы жоспары 2 149 495,4 мың теңге, табыс жоспары 290 937,0 мың теңге, яғни нақты есептілік нәтижесі бойынша 305 261,0 мың теңге пайдамен шыққан. Мемлекеттік бюджетіне консолидациялық есеп нәтижесінде 191 599,1 мың теңге көлемінде дивиденд төленген.

«Түркістан» ӘКК» АҚ-ының 2023 жылдың болжамды кірісі 2 871 326,0 мың теңге, болжамды шығысы 2 511 723,0 мың теңге, ал болжамды табысы 359 603,0 мың теңгені құраған.

2023 жылғы жылдық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімі келмеуіне байланысты (есептілік жылынан кейінгі жылдың 31 тамызы) Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарын іске асыру бойынша іс-шараларының орындалуын және жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуін бағалау жүргізілмеген.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар

Мемлекеттік аудит объектілерінде анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 19 709,1 мың теңге қалпына келтірілсе, 1 683,0 мың теңге өтелген.

Ал, аудиторлық қорытынды дайындау барысында 34 500,0 мың теңге қалпына келтірілді. Атап айтқанда:

1. «Бахытжан» жеке кәсіпкері бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес, 8 000,0 мың теңгеге «Автокөліктерге қызмет көрсету орталығына» сатып алынатын құрал жабдықтарын қалпына келтірілді. («Түркістан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ 2024 жылғы 30 мамырдағы №04-1-2/659 санды хаты)

2. «Шұбар-1» АӨК бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес мақсатты пайдаланбаған 6 800,0 мың теңге көлеміндегі бюджеттік несие қалпына келтірілді. («Түркістан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ 2024 жылғы 30 мамырдағы №04-1-2/659 санды хаты)

3. «Амир» жеке кәсіпкері бойынша бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес нысаналы мақсатта пайдаланылмаған 7 700,0 мың теңге қалпына келтірілді. («Түркістан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ 2024 жылғы 30 мамырдағы №04-1-2/659 санды хаты)

4. «Үш-Арыс КЗ» АШӨК бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес емес жұмсалған 6 500,0 мың теңге көлеміндегі бюджеттік несие қалпына

келтірілуі келтірілді. («Түркістан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ 2024 жылғы 25 маусымдағы №04-1-2/773 санды хаты)

5.«Батыр Жайдақ» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі бойынша бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес емес жұмсалған 5 500,0 мың теңге қалпына келтірілді.«Түркістан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ 2024 жылғы 30 мамырдағы №04-1-2/630 санды хаты).

Сондай-ақ, аудиторлық қорытынды дайындау барысында 14 000,0 мың теңге бюджетке өндірілді. Атап айтқанда:

1. «Altyn» жеке кәсіпкері бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес, мақсатсыз пайдаланған 7 000,0 мың теңге көлеміндегі несие бюджетке өндірілді («Түркістан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ 2024 жылғы 27 маусымдағы №04-1-2/797 санды хаты).

2. «Файзулла М.Т» жеке кәсіпкері бюджеттік несие беру туралы шартына сәйкес мақсатсыз пайдаланған 7 000,0 мың теңге несие бюджетке өндірілді («Түркістан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ 2024 жылғы 27 маусымдағы №04-1-2/793 санды хаты).

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Бюджет қаражатын, бюджеттік кредиттерді пайдалану кезіндегі бюджет және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша 3 материал жолданып, Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 12.06.2024 жылғы №1025 санды хатымен, хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін 3 факті бойынша жинақталған құжаттар біріктіріліп, 2 (екі) әкімшілік хаттама толтырылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы және 12.06.2024 жылы 92,3 мың теңге №416406589700, 92,3 мың теңге №416406460092 түбіртектерімен жалпы 184,6 мың теңге айыппұл сомасы толық өндірілгені хабарланды.

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Базалық көрсеткіш: тиімділік - жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

2022 жылы 255001 «Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру қызметтері» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 409 520,0 мың теңге жоспарланып, игерілгені 409 519,6 мың теңге, немесе жоспар 100 %-ға орындалған, үнемделген қаржы 0,4 мың теңге.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері:

Жоғарыда аталған бюджеттік бағдарламаға бөлінген қаржылар бекітілген штаттық кестеге сәйкес, 59 штаттық бірліктерін және 13 мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің штаттық бірліктерін ұстауға жұмсалып, бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижелеріне қол жеткізілген.

2023 жылы 255001 «Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру қызметтері» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 401 864,0 мың теңге жоспарланып, игерілгені 401 849,0 мың теңге, немесе жоспар 100 %-ға орындалған, үнемделген қаржы 15,0 мың теңге.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері:

Жоғарыда аталған бюджеттік бағдарламаға бөлінген қаржылар бекітілген штаттық кестеге сәйкес, 39 штаттық бірліктерін және 13 мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің штаттық бірліктерін ұстауға жұмсалып, бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижелеріне қол жеткізілген.

255056 «Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасына 2023 жылы 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бағдарламасынан 9 181 812,0 мың теңге қаралып, толық игерілген, немесе жоспар 100% орындалған.

Түпкілікті нәтижесі:

Бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған қаржы 9 181 812,0 мың теңгені құрап, іс жүзінде 100% орындалған.

Бюджеттік бағдарлама бойынша қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілген.

255 087 «Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру» бюджеттік бағдарламасының 013 «Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен» кіші бағдарламасынан 19 772 410,0 мың теңге жоспарланып, 100 % орындалған.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері:

«Түркістан» ӘКК» АҚ-ның 01.02.2024 жылғы №04-1-2/89 санды мәліметіне сәйкес, жоспарланған 19 772 410,0 мың теңгенің, 19 512 410,0 мың теңгесі игеріліп, игерілмеген қаржы 260 000,0 мың теңгені құрап, микрокредиттер саны 3215 құраған, немесе жоспар (3220) 5 микрокредиттер санына кем орындалған.

Сонымен қатар, жоба есебінен 3413 жаңа жұмыс орындарының орнына 3215 жұмыс орындары ашылып, 198 жұмыс орны ашылмаған.

255 092 «Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері:

«Түркістан» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы тарапынан тексеруге ұсынған мәліметтеріне сәйкес, 3 агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялық жобаларды жаңадан салу және (немесе) кеңейтуге бюджеттен 6 000 000,0 мың теңге несие бөлінген, нақты игерілгені 1 447 623,5 мың теңге, яғни бөлінген қаржының 4 552 376,5 мың теңгесі игерілместен, түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген.

Базалық көрсеткіш: *Мәнділік - мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы.*

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің және бюджет қаражатын басқарудың тиімділігіне жүргізілген аудит мемлекеттік аудит объектілерімен қаржы және шаруашылық операцияларын жасаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда:

1. Басқарманың есебі бойынша 255 087 «Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру» бюджеттік бағдарламасы аясында қаржыландырылатын микрокредиттер санының жоспары 3220 бірлікті құрап, іс жүзінде жоспар 100 % орындалып, жобаның есебінен 3413 жаңа жұмыс орындары ашылған деп көрсетілген.

Алайда, «Түркістан» ӘКК» АҚ-ның 01.02.2024 жылғы №04-1-2/89 санды мәліметіне сәйкес, жоспарланған 19 772 410,0 мың теңгенің, 19 512 410,0 мың теңгесі игеріліп, игерілмеген қаржы 260 000,0 мың теңгені құрап, микрокредиттер саны 3215 құраған, немесе жоспар (3220) 5 микрокредиттер санына кем орындалған.

Сонымен қатар, жоба есебінен 3413 жаңа жұмыс орындарының орнына 3215 жұмыс орындары ашылып, 198 жұмыс орны ашылмастан, түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген.

2. Бухгалтерлік есеп бойынша мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілер негізсіз есептен шығару салдарынан 19000,0 мың теңгені мекеменің теңгеріміне алынбаған.

3. Аудиттелген кезең аралығында тиісті саланың уәкілетті органымен Қоғамның 2022 жылғы даму жоспарының іске асырылуына мониторингілеу жүргізілмеген.

4. Жылдық есеп кезеңінде бухгалтерлік тізбе (проводка) дұрыс жасалмай бұрмаланған.

5. Тиісті қызметкерлерге еңбекақыны және іс-сапар шығындарын дұрыс есептемеу салдарынан артық және кем төлеу кемшіліктері орын алған.

6. 255 056 «Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға төленген қаржының және 255 087 «Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша берілген кредиттің мақсатты жұмсалмағаны анықталды.

Жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормаларын сақтауына тиісті бақылауды қамтамасыз етпеуі, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан бақылаудың өз деңгейінде болмауынан орын алған.

Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит және ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына бюджеттен бөлінген микрокредиттердің пайдалануына

мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Түркістан облысы әкімдігі мен облыстық мәслихаты аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпарат жолдансын.

3. Қалпына келтірілетін және өтелетін қаржылар бойынша мемлекеттік аудит объектісі нұсқаманы орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде, қылмыстық құқық бұзылушылық белгісі бар материалдарды тиісті дәлелдерімен бірге процестік шешім қабылдау үшін қылмыстық қудалау органдарына беру прокуратура арқылы жүзеге асырылсын.

4.«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінде аудит қорытындысымен жеке кәсіпкер «Кожымбетов», «Усманкулова», «Дихан баба», «Береке» шаруа қожалықтарында және «IQI QADAM» ЖШС-де субсидиялау шарттарын тиісті орындамау бойынша анықталған бұзушылықтар, тиісті дәлелдерімен бірге процессуалдық шешім қабылдау үшін қылмыстық қудалау органдарына беру прокуратура арқылы жүзеге асырылсын.

5. Түркістан облысының әкімдігіне:

1) 2024 жылдың 29 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

6. «Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылдың 15 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген жауапты қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін мемлекеттен төленген (субсидияланатын) сыйақы мөлшерлемесі 27 376,4 мың теңге қаржылық бұзушылық сомасын өтеу жөнінде шаралар қабылдансын (*аудиторлық есептің 8, 9, 10, 11, 12-тармақтары*).

3) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «IQI QADAM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттен төленген (субсидияланатын) сыйақы мөлшерлемесі 42 992,3 мың теңге, 544 бас аналық түйелерді қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын (*аудиторлық есептің 14-тармағы*).

7. «Түркістан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамына:

1) 2024 жылдың 15 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген жауапты қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін бюджеттік кредитте анықталған 94 250,0 мың теңге қаржылық бұзушылық сомасын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын (*аудиторлық есептің , 9, 10, 11, 12, 14-тармақтары*).

3) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін бюджеттік кредитте анықталған 27 600,0 мың теңге қаржылық бұзушылық сомасын өтеу жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 7-тармағы)*.

8. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Н.Тағаев:

1) Тиісті органдарға нұсқамалардың жолдануын қамтамасыз етсін.

2) Қалпына келтірілетін және өтелетін қаржылар бойынша мемлекеттік аудит объектісі нұсқаманы орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде, қылмыстық құқық бұзылушылық белгісі бар материалдарды тиісті дәлелдерімен бірге процестік шешім қабылдау үшін қылмыстық қудалау органдарына жолдауды қамтамасыз етсін.

3.4. Қосымша:

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;

2) Мемлекеттік аудит барысында қалпына келтірілген қаржылар туралы мәліметтер *(аудиторлық қорытындыға №1-қосымшада тігілген)*;

3) Іс-әрекеттерінде ӘҚБтК-нің 238-бабына сәйкес, Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне жолданған әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 3 материал бойынша мәліметтер. *(аудиторлық қорытындыға №2-қосымшада тігілген)*.